

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

«Бала жадын дамытудың қызықты тәсілдері»
(шығармашылық шеберхана)

2024-2005 оқу жылы

Бекіткен
19.12.2025
Түр

Шеберлік сыныптың мақсаты:

Ата-аналарды мектепке дейінгі жастағы балалардың жадын дамытуға арналған қарапайым, қызықты және тиімді әдістермен таныстыру, оларды үй жағдайында қолдануға үйрету.

Міндеттері:

- Ата-аналарға баланың жадын дамытудың маңызын түсіндіру;
- Үйде қолдануға болатын қарапайым әдіс-тәсілдермен таныстыру;
- Ата-ана мен бала арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайту;
- Ойын арқылы оқытуға қызығушылық қалыптастыру.

Кіріспе бөлім (5 минут)

Тәрбиешінің сөзі:

– Баланың есте сақтау қабілеті – оның сөйлеу, ойлау, оқу дағдыларының негізі.

– Жад ойын арқылы тез әрі оңай дамиды.

– Бүгін сіздермен баламен бірге ойнап, жадын дамытудың қызықты тәсілдерін үйренеміз.

Қысқаша сұрақ:

«Сіз балаңызбен үйде қандай ойындар ойнайсыз?»

Негізгі бөлім – Практикалық ойындар

«Не өзгерді?» ойыны

Қажетті құралдар: 5–6 ойыншық

Ойын барысы:

– Үстелге бірнеше зат қойылады

– Бала көзін жұмады

– Бір зат алынып тасталады немесе орны өзгереді

– Бала өзгерісті табады

Дамытады: көру жадын, зейінді

«Сикырлы қапшық»

Қажетті құрал: қапшық, ұсақ заттар

Ойын:

– Бала қолымен затты ұстап, сипап таниды

– Не скенін есінде сақтап айтып береді

Дамытады: тактильді және логикалық жад

«Суреттерді есте сақта»

- 6–8 суретті 30 секунд көрсетеміз
 - Жасырамыз
 - Ата-аналар суреттерді атауы тиіс
- Кейін балалармен ойнауға болатынын түсіндіру
- Дамытады:** көру және қысқа мерзімді жад

«Қимылды қайтала»

- Тәрбиеші 3–4 қимыл көрсетеді
 - Ата-аналар ретімен қайталайды
- Дамытады:** қимыл-қозғалыс жадын

«Тізбекті жалғастыр»

- «Алма – банан – ...»
 - Әр қатысушы бір сөз қосады
- Дамытады:** сөздік және есту жадын

Үйде қолдануға кеңестер

- ✓ Күн сайын 10–15 минут ойын
- ✓ Телефоннан гөрі тірі қарым-қатынас
- ✓ Мақтау мен қолдау
- ✓ Қысқа тақпақтар, санамақтар жаттау
- ✓ Кітапты бірге оқу

Қорытынды бөлім

Тәрбиешінің сөзі:

- Баланың жадын дамыту – қиын емес, тек бірге ойнау жеткілікті
 - Ең бастысы – балаға көңіл бөлу
- Ата-аналарға шағын жадынама тарату



БАЛА ЖАДЫН ДАМУДАҒЫ ҚЫЗЫҚТЫ ТӘСІЛДЕРІ

Ата-аналарға арналған жадынама

Баланың есте сақтау қабілеті ойын, қимыл және жағымды көңіл-күй арқылы жақсы дамиды.

ОЙЫН АРҚЫЛЫ

-  «Не өзгерді?» – заттардың орнын ауыстырып табу
-  Жұп суреттер ойыны
-  Рөлдік ойындар: «дүкен», «дәрігер», «отбасы»

КІТАП ЖӘНЕ ӘНГІМЕ

-  Қысқа ертегілер оқу
-  «Кім болды? Не істеді?» деп сұрау
-  Сурет бойынша әңгіме құрату

ӨЛЕҢ МЕН ӘН

-  Тақпақтар мен санамақтар жаттау
-  Қимылмен айтылатын әндер

ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС

-  «Қайтала» ойыны
-  Саусақ ойындары

КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ

-  Дүкенге 2–3 затты есте сақтап бару
-  Күн тәртібін бірге қайталау

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР

-  Баланы жиі мақтаныз
-  Қысқа, бірақ күнделікті қайталаңыз
-  Телефонды азайтып, балаға көңіл бөліңіз

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ:

Бала жады ойын арқылы, қуанышпен дамиды!



«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

БАЛА ЖАДЫН ДАМУДЫҢ ҚЫЗЫҚТЫ ТӘСІЛДЕРІ

2025-2026 оқу жылы